

«Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда филиалының 2018 жылдың қорытынды есеп беру жиналысының

ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қаласы

№1

«29» сәуір 2018ж

Төрағалық еткен: Филиал директорының орынбасары - Ж.Ерназаров

Катысқандар: (тізім бойынша)

1. Тайманов Б. – Қызылорда филиалының су шаруашылығы нысандарын пайдалану бөлімінің басшысы
2. Калугина Н. – Қызылорда филиалының бас бухгалтері
3. Оспанов Б. – Қызылорда филиалының жоспарлау және тарифті түзу бөлім басшысы
4. Ахметов Р.– Қызылорда филиалының құрылыш жөндеу бөлім басшысы
5. Әбдіхалықов А. – Қызылорда филиалының мемлекеттік сатып алу, келісімшарт және құқықтық қамтамасыз ету бөлім басшысы
6. Ахметов А. – «Жаңақорғансұшар» өндірістік участке басшысы
7. Мақұлбеков А. – «Шиелісұшар» өндірістік участке басшысы
8. Нұрымбетов Ж. – «Қызылордасұшар» өндірістік участке басшысы
9. Исқаков Б.– «Сырдариясұшар» өндірістік участке басшысы
10. Табынбаев А.– «Жалағашсұшар» өндірістік участке басшысы
11. Бодыбаев Е.– «Қармақшысұшар» өндірістік участке басшысы
12. Темірбаев Б. – «Қазалысұшар» өндірістік участке басшысының орынбасары

**Ауылшаруашылығы бөлім басшылары
мен шаруа қожалық төрағалары**

13. Базарбаев Т. – «Жанақорған аудандық ауылшаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы
14. Сулейменова Н. – «Шиелі аудандық ауылшаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің инспекторы
15. Ибаділдаев А.. – Шиелі ауданы, «Жандос» шаруа қожалығының төрағасы
16. С.Нұрымбетов – «Қызылорда облыс әкімдігінің ауылшаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысының орынбасары
17. Жұмабаев Н. – «Қызылорда қаласы әкімдігінің ауылшаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы
18. Байманов Ж. – Қызылорда қаласы, «МТС АС-Агро» ЖШС-нің директоры
19. Алиакбаров А. – Қызылорда қаласы, «Мағжан и К» ЖШС-нің директорының орынбасары

20. Ондашев Р. – «Ы.Жахаев» атындағы қазақ күріш шаруашылығы ФЗИ ЖШС-нің директоры
21. . – Қызылорда қаласы, «Абзат и К» ЖШС-нің бас агрономы
22. Бақышев Ж. – Сырдария ауданы, «Сейдуллин-Жер» шаруа қожалығының төраға орынбасары
23. Қалниязов .–«Жалағаш аудандық ауылшаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы
24. Төлегенов Т. – Жалағаш ауданы, «Аққұм» шаруа қожалығының төрағасы
25. Жалмаханов С.– Қармақшы ауыл шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің басшысы
26. Төлепов О. – Қармақшы ауданы, ЖШС «Жаңа жол» директоры
27. Жалғасбаев Ж. – Қармақшы ауданы, «Ораз Ахун ЛТД» шаруа қожалығының директоры
- 28 Арифов М. – Қармақшы ауданы, ЖШС «Достық и К» директоры
29. Рыстығұл А. – «Қазалы аудандық ауылшаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы

Күн тәртібі:

1. Бекітілген инвестициялық бағдарламаның және (немесе) инвестиациялық жобалардың есепті кезеңдегі орындалуы туралы;
2. Филиалың есепті кезеңдегі негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері туралы;
3. Ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтің (таруарлардың, жұмыстардың) есепті кезеңдегі көлемдері туралы;
4. Реттеліп көрсетілетін қызметтер (таруарлар, жұмыстард) бойынша тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы;
5. Бекітілген тарифтік сметаның әрбір бап бойынша есепті кезеңде орындалуы туралы;
6. Қызметтің перспективасы (даму жоспарлары), оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтің (таруарлардың, жұмыстардың) тарифтері туралы ақпарат.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен 2018 жылдың қорытынды есебімен филиал директорының орынбасары Ж.Ерназаров таныстырды. Сонымен қатар 2018 жылда 765 келісім шарт жасалған. Оның ішінде: Жанақорған ауданы бойынша -291 , Шиелі-113, Қызылорда-47 , Сырдария-93, Жалагаш-165, Қармақшы-19, Қазалы-37.

Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша тарифтік сметадағы амортизация есебінен бекітілген инвестиациялық бағдарлама бойынша Жалағаш ауданындағы СЖМК 15 В каналын күрделі жөндеу нысаны бойынша ҚҚС-сыз 220691,913 теңге қаралды. Қызылорда облысы Жалағаш ауданының СЖМК 15 В арнасы СЖМК15В-3Г, СЖМК ЛВ-1В, СЖМК 15 В-3А, СЖМК 15 В Тасжарма арна жүйелерін сумен жабдықтау үшін Сол жаға

магистральды каналы негізгі каналдың тармағы болып табылады. Ұзындығы - 13,1 км СЖМК- 15В. Пайдалануға 1983 жылы берілген. Каналдың су өткізу қабілеті - $10 \text{ м}^3/\text{с}$, бекітілген етістік ауданы – 1266 га. Қызылорда облысы, Жалағаш ауданының суармалы жерлеріне, жайлымдарына және үй іргелік жерлеріне су беруге арналған. Инвестициялық жобада қаралған жұмыс көлемі 46,8 % орындалды. Күрделі жөндеуге бөлінген КҚС-сыз 103134,190 мың.тг толығымен игерілді.

Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе бойынша Филиалдың есепті кезеңдегі атқарылған негізгі көрсеткіштері туралы жалпы шолу жасалды.

Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша Филиалдың 2018 жылғы су жеткізіп беру көлемі барлығы 4 302430 мың м^3 , оның ішінде табиғатты қорғауға су жіберуге берілген судың көлемі 1 200 000 мың м^3 . Баяндамашы аудандар бойынша алынған су көлемдеріне жеке-жеке түсінктеме беріп өтті.

Күн тәртібіндегі 4-ші мәселе бойынша 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген КР АШМ 30 маусым 2015 жылғы №6-3/597 «Ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жұмыс жасау; жана егіс науқанына қелісім-шартқа алдына кредиторлық қарыздардың болмауы; су пайдаланушылардың су алуы келісім шартта бекітілген лимиттен аспауы туралы мәселелер қозғалды.

Күн тәртібіндегі 5-ші мәселе бойынша Филиалдың 2018 жылға тарифтік сметаның нақты орындалғаны: барлық шығын бойынша 109,42%, ал табыс бойынша - 96,48%. Көрсетілген қызмет көлемінен түскен табыс 1 415340,948 теңге.

Күн тәртібіндегі 6-шы мәселе бойынша даму жоспарындағы қызметтердің көрсеткіштері, оның ішінде реттеліп көрсетілетін қызметтің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтері туралы ақпараттар талқыланды.

Күн тәртібіне қойылған мәселелер аяқталған соң, Тыңдау төрағасы тыңдаушыларға сөз берді.

Нұрымбетов Ж. – «Қызылордасушар» » өндірістік учаскесінің бағшысы

Қазақстан Республикасы ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің 2019 жылдың 08 ақпанындағы № 40-01 бұйрығына сәйкес суды арналар арқылы беру жөніндегі қызметтің тарифі төмендеуіне байланысты сөз қозғап, ондағы 2018 жылдың 01 тамызынан 2019 жылдың 31 шілдеге бекітілген КҚС – 0,208 теңге және 0,308 бюджеттік мекемелерге бекітілгенін айтты. Сонымен қатар, облыс әкімдігінің индикативтік жоспарына сәйкес қаралған егіс көлемінен артық егіс орналастырмауы керек.

Төлепов О. – Қармақшы ауданы, «Жаңа жол» ЖШС-нің директоры

Тарифтің төмендегеніне разылдығын білдірді. Сонымен қатар жылдан жылға барлық заттардың қымбаттағының шаруашылыққа кери әсерін тигізгенін айтты.

Алиакбаров А. – «Абзал и К» ЖШС-нің бас агрономы

2019 жылға күріштің көлемі былтырғы жылмен салыстырғанда 700-1000 гектарға дейін ұлғауы мүмкіншілігі бар, бұрынғы жерлердің қосылу есебінен. Бірақ облыстың индикативтік көлемін 90 мың немесе 95 мың көлемге дейін көтеруге бола ма деген мәселені көтерді.

Біріншіден су мәселесін көтеру егіншілікке ,елге ,халыққа керек. Сол судың сағасынан су алу үшін әр бір каналдардың уакытылы тазалану туралы мәселе де көтерілді.

Тындау төрағасы

Ж.Ерназаров